

Е.С. Габдуллиннің 6D060700 – Биология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу ізденісіне ұсынылған «Ертіс өзенің орта ағысындағы қансорғыш шіркейлердің санын биологиялық бақылау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесші

П І К І Р І

Е.С. Габдуллиннің зерттеушілік жұмысы ғылыми және әдіснамалық жоғары деңгейде жасалған, терең және көлемді, аяқталған ғылыми зерттеу жұмыс болып табылады. Диссертант зерттеу жұмысы бойынша ұсынылған шолуда әлемдік тәжірибеде шіркейлермен күрес жолдарының заманауи әдістері мен алгоритмдерін қолданудың өзектілігін қарастырды. Ертіс өзенінің орта ағысындағы шіркейлердің, оның ішінде қансорғыш түрлерінің соңғы он жылдықтағы түрлік құрамы мен биологиясында, фенологиясында болған құбылыстарды зерттеп толық талқылап анықтама берді. Сонымен қатар шіркейлердің Павлодар мен Ақсу өндірістік орталықтарында даму ерекшеліктері мен оларға абиотикалық факторлардың әсері зерттелді. Зерттеу қорытындылары еш күмән келтірмейді. Диссертация қорытындыларын қансорғыш шіркейлерге қарсы ұйымдастырылатын іс-шараларда, сонымен қатар Ертіс өзеніне ұқсас жазықтық ірі өзендерде де қолдануға болады.

Диссертациялық жұмыс бойынша алыс-жақын шетелдерде және Қазақстанда өткен ғылыми-практикалық конференциялардың жинақтарында, білім және ғылым саласындағы бақылау комитетімен рецензияланатын ғылыми журналдарда, Scopus базасы бойынша импакт-факторы бар шетелдік журналдарда зерттеудің негізгі нәтижелері жарияланды.

Диссертант Габдуллин Е.С. зерттеу тақырыбына байланысты ғылыми гипотеза, оны шешуге арналған әдістер жиынтығын таңдай біліп зерттеушілік тәжірибесінің қалыптасқандығын дәлелдеді. Докторант ретінде ғылыми-далалық жұмыстарды ұйымдастыру, далалық көрсеткіштерді анық жинақтау және алынған мәліметтерді камералдық талқылау қызыметтерін жақсы игерін қалыптасқан зерттеуші екенін көрсете білді.

Диссертациялық зерттеуді негізге ала отырып, оның авторы Е.С. Габдуллиннің 6D060700 – Биология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайық деген шешім шығаруға болады.

Ғылыми кеңесші:

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің Химиялық технологиялар және жаратылыстану факультетінің деканы, биология ғылымдарының

докторы, профессор



Қ.К.Ахметов

09.11.2016г.